

1. Қазақ тіліндегі дыбыстың естілімі (перцепциясы)
 - A) ауыз қуысынан сыртқа шыққан дыбыстың құлаққа жеткен нәтижесі арқылы сипатталады
 - B) бір ғана жасалым нүктесі арқылы беріледі
 - C) ауыз қуысындағы резонаторлар жүйесінің қалпы аталып, сөйлеу мүшелерінің өзара қиысу күші арқылы сипатталады
 - D) көптеген дыбыстардың сипаттамасы арқылы беріледі
 - E) дыбысты жасауға қатысатын сөйлеу мүшелерінің аты аталып, орны көрсетіліп, сөйлеу мүшелерінің өзара қиысу жолдары арқылы сипатталады
2. Ұяң-ұяң дауыссыз дыбыстар тіркесі
 - A) үшкүл, көппала
 - B) үйрек, сайра
 - C) абдыра, жабдық
 - D) арман, орман
 - E) байғазы, білгіш
3. Алдыңғы морфеманың соңғы дауыссыз дыбысының кейінгі морфеманың басқы дауыссыз дыбысына акустикалық (дауыс қатысы) жақтан ықпал етіп, игеріп тұруы
 - A) регрессивті ассимиляция
 - B) тоғыспалы ассимиляция
 - C) диссимиляция
 - D) прогрессивті ассимиляция
 - E) бейүндестік
4. Дауыс әуенділігіне, ырғағына (тон) байланысты екпін түрі
 - A) тегеурінді
 - B) мөлшерлі
 - C) әуезді
 - D) бунақ
 - E) синтагма
5. Сөйлемдегі сұрақ түрі

*Бұлттан биік заңғар аз ба,
Жазылмаған заңдар аз ба, өмірде (М.Шаханов)*

 - A) ашық
 - B) күмәнді
 - C) риторикалық
 - D) қарсы
 - E) қайшы
6. Адамның әртүрлі көңіл күйін, эмоциясын білдіретін интонациялық тәсіл
 - A) интенсивтілік
 - B) тембр
 - C) қарқын
 - D) пауза
 - E) ұзақтылық

7. Ойлау процесінің нәтижесі бола алатын логикалық категория
- A) сөз
 - B) морфема
 - C) сөйлем
 - D) таңба
 - E) ұғым
8. Өзге тілдерден ауысқан сөздердің қазақтың төл сөздерімен дыбысталуы бірдей болуының нәтижесінде пайда болған омонимдер
- A) айтыс, ұрыс, атыс
 - B) қорық, ашық, желік
 - C) қайрат, қыдыр, қажы
 - D) салма, көрме, көрші
 - E) жал, көк, ық
9. Соматикалық атаулар арқылы жасалған фразеологизмдік ұйытқы сөздер
- A) қойдан өрді, қаз мойынды
 - B) жер аударды, жер шұқыды
 - C) көңіл айтты, көңіл аударды
 - D) қызыл қырғын, құлан бүлкіл
 - E) тіл қатты, көз айырмады
10. Сөйлемдегі метонимияның берілу ерекшелігі
- Құлан – қырда, құндыз – суда.*
- A) әрекет пен оның нәтижесі
 - B) зат пен оның ішкі мазмұнының байланысы
 - C) материал мен одан жасалған заттың шектестігі
 - D) жалқы есімдердің оларға қатысты қимыл-әрекет атауларымен байланысы
 - E) сапа сындары мен олардың заттанған мағыналарының сабақтастығы